

Советский историк Г.Ф. Дахшлейгер также указывал на ошибки в работах Рязанова: «Не сумев, однако, разобраться в источниках, он любое национальное выступление относил к разряду прогрессивных и революционных, считал главным стержнем всей истории казахского народа борьбу за независимость, не учитывая значения классового, социального фактора» [7; с 39]

Но оба приведенные выше автора признавали заслуги Александра Федоровича Рязанова, в том, что он ввел в оборот много нового материала, фактов, которые раньше замалчивались.

Также можно сделать вывод, что деятельность Рязанова, тоже сыграла свою роль в развитии историографии и архивного дела в нашей стране. Работы А.Ф. Рязанова можно использовать как источник для изучения истории национально-освободительных движений казахского народа, при этом учитывать все особенности, и описанные выше ошибки научных трудов Александра Федоровича.

Список использованной литературы:

1. Назарбаев. Н.А. В потоке истории. Алматы: «Атамұра», 1999.- 298 с
2. Краеведческий сборник.-Уфа, 1930.№3-4.-121 с
3. Оренбургский Казачий вестник.-1917.- 14 июля.
4. Оренбургский край. Исторический очерк.
5. Рязанов. А.Ф. Восстание Исатая Тайманова (1836-1838 гг).Очерки по истории национального движения казахского народа//А.Ф. Рязанов- Алма-Ата :Алтын Орда,1991.- 102 с
6. Вяткин.М.П Батыр Срым.Учебное пособие.-Алматы : «Санат», 1998 г.-344 с
7. Дахшлейгер. Г.Ф Историография Советского Казахстан (очерк)/ Отв. Ред А.Н. Нусубеков. Алма-Ата: Издательство «Наука» Казахской ССР, 1969.-192 с

АЛАШ ПАРТИЯСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫНДАҒЫ РӨЛІ

Холмурад Мөлдір

Ғылыми жетекші: PhD, аға оқытушы Батырбекқызы Г.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

gbatyrbekkyzy@mail.ru

Шымкент қ.

Алаш партиясы – Ресей империясы мен Социалистік Ресейдің қазақ партиясы болған. Партия Бірінші дүниежүзілік соғыстағы Ресейдің кризисімен қолданып, 1917 жылдың сәуір айында қазақ съезінде партия қабылданып, сол жылдың шілдесінде партия құрылды. Партияның ең маңызды тұлғалары қазақ зиялылары болып, қазақ тәуелсіздігіне жеткісі келген. Сонымен қатар, партияның саясаттық мақсаты - қазақтарды демократиямен қамтамасыз ету еді. Ресей партияның жұмысына тыйым салып, 1920 жылда таралды. Алаш партиясы тұңғыш жалпықазақ съезін шақыру туралы шешім 1917 жылғы сәуір айында өткен Торғай облыстық қазақ съезінде қабылданып, съезд оны даярлауды Әлихан Бөкейхан мен Ахмет Байтұрсынұлы бастаған бір топ қазақ зиялыларынан құрылған айрықша бюроға тапсырды.

XX ғасырдың бас кезіндегі ұлт-азаттық қозғалыс тарихының өзекті мәселелерінің бірі – Алаш партиясының құрылуы, оның тарихи негіздері, саяси әлеуметтік сипаты және тарихта алатын орны. Қазақ зиялылары саяси партия құру әрекетін бірінші орыс революциясы жылдарында-ақ қолға алған болатын. Тарих бойында Партияның тек бір төрағасы – Әлихан Бөкейханов. XX ғасырдың басындағы елдегі аласапыран қиын кезеңде халықтың қамын ойлаған саяси күш – Алаш қозғалысы болатын. Осы қозғалыстың басында – саяси мәдениеті әлемдік деңгейге көтерілген, оқыған, сауатты, кәсіби даярлығы заманына сай адамгершілік-

имандылық қасиеттері ата-бабамыздың сан ғасырлық қастерлі құндылықтарымен сусындаған Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мұхаметжан Тынышбайұлы, Жақып Ақбаев, Бақытжан Қаратаев сияқты дүлдүлдер тұрса, солардың ізін басқан болашақтың нарқасқа ұлдары – Жаһанша Досмұхамедов, Мағжан Жұмабай, Сәкен Сейфуллин, Мұстафа Шоқай, Тұрар Рысқұлов, Смағұл Сәдуақасов, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов тағы басқалар одан әрі дамытты.

Алаш үкіметі болашақта барлық Орталық Азиядағы түркі халықтарды біріктіріп, тәуелсіз ел құрғысы келді. Сондықтан, Алаш партиясы өз атауын қазақ демей, түркі халықтар үшін жаңа ұлт пайда қылдырып бірлікке жеткенін қалаған. Алайда, партия бұл идеяны ешқашан іске асыра ала алмай, басқа халықтардың зиялыларымен ортақ тіл табыса алмады. Бірінші жалпықазақ съезіне қатысқан Мұстафа Шоқай өзінің естеліктерінде бұл жиынға өзбек және татар елдері өкілдерінің де қатынасып, өздерінің ыстық ықыласын білдіргендігін айтып: «Сөйтіп құрылтай ұлы түркі халықтарының бас қосқан үшеуінің мызғымас бірлігін көрсететін сахнаға айналды» - дейді.[1]

Алаш идеясының мықты болғаны сондай – большевиктер оларды елеусіз қалдыра алмады және ымыраға келуге тура келді. Алаш зиялылары Қазақстанның шекарасын бекітуде зор рөл атқарды. «Азаматтық соғыста алаштықтар сол кезде жеңілгенмен, тарихи шешімге келген кезде Әлихан Бөкейханов пен Алаш Орданың өзге де көшбасшылары жеңіске жетті».

Тарихшы Виктор Козодой дерегінше, Алаш зиялылары Қазақстанның шекарасын бекітуде маңызды рөл атқарды. Негізі бұл шегара белгілеудің бастауы 1917 жылы Алаштықтардың бүкілқазақтық құрылтай шақырғанда сол территория шеңберіндегі мекендер бойынша шақырылғаны белгілі. 1920 жылғы 26 тамыздағы Бүкілресейлік орталық атқару комитеті мен РКФСР ХКК «Қырғыз (қазақ) автономиялы социалистік кеңес республикасын құру туралы» декрет осы Алаштықтар еңбегі арқасында белгіленген территорияны Кеңес үкіметінің мойындап, қағазға түсіріп, келісімге келіп, қол қойған тарихи құжат болатын. Шекараны айқындауда Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан басшылық жасаған Ахмет Байтұрсынұлы, Әлімхан Ермеқұлы ерекше еңбек сіңірді.

Дау созылып бара жатқанда Ахмет Байтұрсынұлының атып тұрып, «Лениннің өзі айтты ғой, сол нұсқауды орындайсындар ма, жоқ па?!»-деп, айқай салып, мәселені пролетариат көсемінің нұсқауына тіреуі, 29 жасар Әлімхан Ермеқұлының Ленин мен Сталин басқарған комиссия алдында ел тағдырын шешкен ерекше баяндама жасап, бүкіл қазақ жерін түгендеп, нақты дәлелдеп қорғап шығуы нағыз ел үшін жасалған тарихи ерлік болды.

Әлімхан Ермеқұлының осы ел шекарасын айқындаудағы шешуші тұжырымы: «Қазақстан шекарасын анықтау барысында мұқым өлкенің этникалық, экономикалық және мәдени ерекшеліктерін ерекше ескеру керек. Егер қазақтардың осы уақытқа дейін көшпелі өмір салты мен мал шаруашылығын басты кәсіп ретінде сақтап қалғанын назарға ілсек, онда бұл облыстардың өзара тығыз байланысы көзге анық көрініп тұр. Сондықтан да Қазақ автономиялы республикасын құру тек солтүстік және оңтүстік облыстардың арасындағы шекаралық тұтастықты сақтаған жағдайда ғана мүмкін әрі нақты өмірлік сипат алады. Бұл мәселе керісінше шешілген жағдайда автономия тіршілік көзінен айырылады. Сонымен қатар, мәдени, экономикалық және аралас облыстық орталықтарда талап етіп отырған территорияның құрамында қалып қояды. Бұл орталықтарсыз оңтүстік облыстар экономикалық, шаруашылық, мәдени ашаршылыққа ұшырап, тірі өлікке айналады. Осы пайымдауларды ескере отырып, Қазақ автономиясының шекарасын көрсетілген шекара бойынша бекіту қажет. Орынбор қаласы уақытша орталық ретінде қарастырылуы керек»-дейді. Тіпті 1924-1925 жылдары «Алаш» зиялылары қазақтың территориясына қазақтың түпкі жерлерін жинап алды. Тек Омбы қаласы мен Омбы уезіне қатысты мәселе болды [2].

Иә, Алаш дегенде ең алдымен ұлттық рухтың мықтылығын айтамыз. Өткен мақаламызда да айттық, 1922 жылы Алаштың рухани көсемі, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы елуге толғанда сол кезде Үкімет басқарып отырған Сәкен Сейфуллиннің өзі Ахаңның сегіз қырлы қасиетін әбден мақтап келіп, «Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын шын сүйетін шын ұлтшыл» деп, бағалаған болатын. Алаш қайраткерлері 1917 жылы Орта Азияда тұңғыш заманауи саяси

партия - «Алаш» партиясын құрып, бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның іргесі қаланған Алаш автономиясын құрды.

1920 жылы 26 тамызда Кеңес үкіметі Бүкілресейлік орталық атқару комитеті мен РКФСР ХКК «Қырғыз (қазақ) автономиялы социалистік кеңес республикасын құру туралы» декрет қабылдады. Бұл жерде бұл қаулының негізі қазақ шекарасының белгіленуіне сүйеніп тұр. Ал негізі қазіргі Тәуелсіз Қазақ Республикасы 1917 жылғы Алаш автономиясынан басталады емес пе? Қазақ Республикасына 100 жыл десек, бастауымызда тұрған Алаш автономиясының Тәуелсіз Қазақ Республикасына қатысын есептемеуіміз болады. Онда Қазақ үкіметі тек Кеңес үкіметі кезеңінде ғана құрылды деген сыңаржақ тұжырымға келісу болып шығады. Біз Қазақ автономиялық кеңестік социалистік республикасының құрылуына 1917 жылы құрылған Алаш автономиясының үлесі үлкен екенін атап айтып, қадап көрсетіп отыруымыз керек. «1920 жылы 3 миллиондай халық автономия құрамында болса, 1925 жылы 6,5 миллионға дейін шарықтады. Қазақ халқының үлесі 50%-дан асар-аспап қана болды. Қазақтың саны 1%-дан аспаған Орынборда қанша қиындық болса да, кадрлар жетіспесе де автономияның басында отырған жігіттер көп жұмыс істеді. Оның ішінде кадр мәселесі, жер мәселесі, әкімшілік территория, мемлекет мәселесі, білім, денсаулық мәселесі, 1920-1921 жылдары басталған ашаршылықпен керемет, тиімді күрескеніне аң-таң боламыз Қазақ Республикасының құрылуы – Кеңес үкіметінің қазаққа жасай салған «сыйы» емес. Алаш арыстарының ұлттық мүддені қорғаудағы алапат қайраты мен ұлттық рухы, ерен ерік-жігері мен қайтпас қайсарлығы большевиктер билігін Қазақ автономиясын мойындатуына тура келді.

Алаш партиясы мүшелері Алаш Орда үкіметінің құрамында барынша көпшілігі болған. Тарихты халық жасағанымен, қоғамның тарихи даму заңдылықтарын реттеп отыратын заңдар мен құқықтық құжаттарды, саяси-құқықтық доктриналарды нақты тұлғалар жүзеге асыратыны белгілі, осы салада мемлекеттік тілдің де атқарар қызметі зор. Қазақ жері екі ғасырдан астам Ресей самодержавиесінің қол астында болған жылдарда, қазақ халқының өз тағдырын өзі билеу құқығынан айырғаны, көк түрік дәуірінен бастау алған бірегей саяси тарихы бар халық, түгелдей империялық заңдардың бұғауына түскені, біздерге тарихтан белгілі. «Алаш» басшылары үшін басты мақсат – автономия егемендігін және оның шекараларын заңды түрде бекіту болды. «Алаш» зиялылары осы жолда өмірлерін де құрбан етті [3].

Қорыта келгенде, Алаш - Қазақ елінің мемлекет құру тәжірибесі мен мемлекетшілдік мүддесінің үзілмеген арқауы. Алаш – Қазақстанның «Мәңгі ел» ел мұратын саясат пен руханият тұрғысынан айқындаған, айшықтаған кезең атауы. Ұлт зиялыларының қажырлы еңбегі кеңестік мемлекеттік мекеменің негізін қалады. Кешегі Алаш идеясы – бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан! Тәуелсіздік алғаннан кейін бұрын тыйым салынған – Алаш қозғалысы тақырыбы қазіргі таңда отандық тарихымыздың маңызды құрамдас бөлігі ретінде қайта зерттелуде. Алаш зиялыларының өмірі мен ісін мұқият зерттеп, олардың жетістіктерін бағалап, қателіктерінен сабақ алу, даналығын бағамдап, олар ашқан ақиқатты пайымдау қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл
2. <https://qazaquni.kz/basty-makalalar/150841-zherimizdi-aly-elimizdi-quryp-bergen>
3. Сүлейменова Д. Алашорданың Батыс бөлімінің тарихы. Тарих ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесін алуға арналған диссертация. Алматы, 2004. <https://e-history.kz/kz/kazakhstanika/show/9804>